

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 30 қарашадағы N 906 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 қазандағы N 1085 қаулысы

Сауда-экономикалық қатынастар мен мәдени байланыстарды одан әрі дамыту және басқа мемлекеттерден жүк-жолаушы тасқынын ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасындағы өткізу пункттері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 30 қазандағы N 906 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

3-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"Маңғыстау облысы Баутино кентіндегі "Баутино" теңіз порты".

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен мүдделі шетел мемлекеттері өкілдіктерінің назарына халықаралық теңіз тасымалдары үшін өткізу пункті ашылғаны туралы ақпаратты жеткізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі